отырып, мектептің мектепшілік ережесіне енгізілгенін, сол жоғарыда айтылған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.01.2016 жылғы № 26 бұйрығының талаптарын толық қолдауға, қайта бекітуге шақырамын деп сөзін аяқтады. Жарыссөзге үш адам шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірлерін ортаға салып, мекеме басшысының қорытынды есебін қанағаттанарлық деп табу туралы ойларын айтып өтті.

Жалпы қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселені жан – жақты талқылай келе

Шешім етеді:

1. 2022 – 2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын
2. 2023 – 2024 жаңа оқу жылының міндеттері толық іске асырылсын;
3. Мектептің ішкі тәртіп ережесі толығымен іске асырылсын.
4. Ата – аналарға «Ата – аналардың құқықтары мен міндеттері» туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырылсын.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.01.2016 жылғы № 26 бұйрығының талаптары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Қ.Сатханбаев

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

У.Калмырзаева

Алшынбаев Д.М.

Егізбай Г.З.

Тұрғанияз Н.Ә.

Оразова Н.К.

Бегман Б.Т.

Назарова Г.А.

Садыков А.С.

Аликулов Ж.К.

№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебі

Қамқоршылық кеңесі № 2 хаттамасы

Мерзімі: 26.12.2023ж

Сағ. 11:00

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.А.Қамбарова

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Н.Сатханбаев

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.О.Тілен

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Сатханбаев Қуаныш Маматуллаевич

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Егізбай Гүлмира Заманханқызы, Назарова Гүлдария Асылхановна, Тұрғияз Нұрбақыт Әбдімәжитұлы, Бегман Бақытжан Түгелбайұлы, Аликулов Жаксыбек Кенесович, Алшынбаев Даняр Муталиевич, Оразова Нурсауле Кураловна

Қатыспағаны: Садыков Ақыл Сахыбекович - себепті

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Мырзалиева Макпал Ирисбековна – әлеуметтік педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектепте 2023 – 2024 оқу жылының I жарты жылдығында оқу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарының есебі. /Баяндамашы Ж. Сатханбаев/
2. Мектепте 2023 – 2024 оқу жылының I жарты жылдығында тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарының есебі. /Баяндамашы А. Тілен/
3. «Президенттік жаңа жылдық шырша» аясында 2023 жылдың желтоқсан айында жартылай жетім, көп балалы отбасы оқушыларының қаржылай көмекпен қамтамасыз етілуі туралы /М.Мырзалиева/

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Сатханбаев күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Сатханбаев мектепте 2023 – 2024 оқу жылының I жарты жылдығында оқу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарының есебіне тоқталып өтті. 2023 – 2024 оқу жылын 17 сынып комплектісімен 304 оқушы білім алуды бастаған. Ағымдағы оқу жылында 45 мұғалім қызмет атқарады. Білім беру ұйымының мақсаты: «Сапалы білім бере отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелейтін мектеп». Мектептің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру. Оқу және тәрбие процесіндегі жұмыстарды дұрыс жолға қоя отырып проблемалық мәселелерді мезгілінде талдап, жинақтау. Міндеті: Педагогикалық кәсіби құзыреттілікті жетілдіріп, оқушылардың білім сапасын арттыру. Мұғалімдердің ғылыми-теориялық дайындығының деңгейін жоғарлату. Оқушылардың білім сапасын тиісті деңгейге көтере отырып, білім беру. Әр оқушыға ұлттық тәрбие құндылығын, тілдік құрметін таныта отырып патриотизмге, ұлтаралық татулық пен толеранттылыққа тәрбиелеу. 2023-2024 оқу жылында жылдық жоспар бойынша Тілдер мерекесіне орай қыркүйек айы тілдер апталығымен оқу жылы басталды. Сонымен қатар эстетикалық пәндер, Жаратылыстану, тарих бірлестіктері, бағыттар бойынша апталықтар өз дәрежесінде өткізіліп, оқушылар мен пән мұғалімдері белсене атсалысып ұйымдастырылды. Атқарылған іс – шаралар мектептің әлеуметтік желілерінде орналастырылды. Мектеп бойынша I жарты жылдықта оқушылардың үлгерім білім сапасы 51 % құрады. Биылғы оқу жылында үйде оқытылатын оқушы саны – 4, тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны – 164, көп балалы отбасы балалары – 34, жартылай жетім оқушы – 15, аз қамтылған отбасы оқушылар саны – 97.

2023 – 2024 оқу жылында оқушылар арасында мектепішілік пәндік олимпиадада 9 -11 сыныптарда 14 оқушы қатысты, аудандық пәндік олимпиадаға 4 оқушы жолдама алған, 1 оқушы II дәрежелі дипломмен марапатталды. 5- 6 сыныптар аралығында мектепішілік пәндік олимпиадаға 24 оқушы қатыстырылып, 12 оқушы аудандық кезеңге жолдама алды.

Кенгуру математикалық сайысында 1 – 4 сыныптар арасында 12 оқушы I дәрежелі дипломмен, 10 оқушы дипломмен марапатталды және 1 оқушы «Тәуелсіз дарын» эссе байқауында 2а сынып оқушысы Әбдімәлік Асылай Нұржанқызы I орын алып Астана қаласында өтетін байқауға жолдама алды.

2023 – 2024 оқу жылында «Зерде» зерттеу жобаларына мектептің 6 оқушының ғылыми жобасы ұсынылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Тілен А 2023 – 2024 оқу жылының I жарты жылдығында тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарының есебіне тоқталып өтті. Ол өз сөзінде мектептегі тәрбиенің мақсаты мен міндеттеріне, кәмілетке толмаған жасөспірімдердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, өз құқықтарын, мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге қарсы тұру қабілеттерін арттыруға және рух жігері шыңдалған әлеуметтік жағынан белсенді тұлғаны қалыптастыру туралы, балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу, кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу, болдырмау жұмыстарын күшейту, өтпелі кезең құбылыстарын ескере отырып, тәрбие жұмысының түрі мен мазмұнының әркез өзгеріп отыруын назарда тұту, өмірдің қиын кезеңдеріне кезіккен оқушыларды анықтау, оларға педагогика-психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету, Отбасы тәрбиесі мен мектептегі тәрбиенің үйлесімділік табуына қол жеткізу, оқушылардың бос уақытын дұрыс, тиімді ұйымдастыру туралы сөз қозғады. Сонымен қатар биылғы оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: Ұлттық мүдде, ар – ұят, талап» басым бағыттары бойынша жұмыстар іс – шаралар жоспарына сәйкес жүргізіліп жатқандығына, кәмілетке толмағандар және жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу, анықтау және болдырмау бағытында мектепте ақша жинау, қорқытып алушылық, әлімжеттік, бопсалау деректерін түпкілікті жою жөнінде мобильдік топ құрылған. Мобильдік топ мүшелерінің қатысуымен жасөспірімдер арасында қаңғыбастықтың, панасыздықтың және сабаққа қатыспай түрлі жұмыстармен айналысудың алдын алу мақсатында күндізгі рейдтік іс – шаралар, мектеп жасындағы балалар арасында түнгі уақытта ата – анасының немесе заңды өкілінің қарауынсыз жүрудің, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдтік және мектепшілік профилактикалық рейдтік іс – шаралар жүргізіліп жатқандығына, мектептің барлық сыныптарында ашылған ата – аналар чаттарына оқу – тәрбие саласы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі, Шымкент қаласы білім басқармасынан, Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің арнайы дайындаған бейнероликтері жолданып, түсіндірме жұмыстарының жүргізіліп отырылды. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, нашакорлықтың, электронды темек/вейп тұтынудың, кибербуллингтің, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары бойынша профилактикалық ақпараттық түсіндірме жұмыстарының жүргізіліп жатқандығына, оқушылармен өткен жиналыстарға Шымкент ҚПД қызметкерлері, медицина қызметкерлері, теолог мамандар қатыстырылып отырылғанын атап өтті. Сондай – ақ слайдта көрсетілген 2023 – 2024 оқу жылының I жарты жылдығында өткізілген тәрбиелік іс – шараларға жеке – жеке тоқталып, атқарылған жұмыстар мектептің әлеуметтік желі парақшаларында орналастырылғаны туралы баяндады. Биылғы оқу жылында барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу – тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және Шымкент қаласы білім басқармасының 02.10.2023 жылғы № 10-07-07/5208 хатын басшылыққа ала отырып «Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы мектеп директорының 02.10.2023 жылғы №130 бұйрығымен мектепте Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылып, жоспар негізінде жұмыстар атқарылып жатқандығына, сонымен қатар мектепте ұлттық, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, насихаттау мақсатында позитивті ата - ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін ата, әже, аға, жеңге буынның тәжірибесін табысты пайдалану мақсатында «Даналық мектебі» жоспарға сәйкес жұмыс атқарылып жатқандығына, 2023 – 2024 оқу жылының I жарты жылдығында тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарының есебін қорытындылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алған әлеуметтік педагог М.Мырзалиева «Президенттік жаңа жылдық шырша» аясында 2023 жылы желтоқсан айында Президенттік шыршаға Аuez Аружан 7 ә сынып оқушысы қатысқанын, аз қамтылған оқушы 100000 (жүз мың) қаржылай көмекпен қамтамасыз етілгені туралы баяндады.

Сөз алған қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Сатханбаев мектепте 2023 – 2024 оқу жылының І жарты жылдығында оқу - тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп табу туралы ұсынысын айтып, өз ой – пікірін білдірді.
Қамқоршылық кеңес мүшелері жоғарыда айтылған ұсыныстарды бір ауыздан қуаттады
Қамқоршылық кеңес мүшелері жан – жақты талқылай келе




Шешім етеді:

1. Мектепте 2023 – 2024 оқу жылының І жарты жылдығында оқу - тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру жұмыстары жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Қ.Сатханбаев

Хатшысы:  М.Мырзалиева

Алшынбаев Д.М. 
Егізбай Г.З.
Тұрғияз Н.Ә.
Оразова Н.К.

Бегман Б.Т. 
Назарова Г.А. 
Садыков А.С. 
Аликулов Ж.К. 

№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесі №3 хаттамасы

Мерзімі: 15.03.2024ж

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.А.Қамбарова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Тілен

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Егізбай Гүлмира Заманханқызы, Назарова Гүлдария Асильхановна, Садыков Ақыл Сахыбекович, Тұрнийаз Нұрбақыт Әбдімәжитұлы, Сатханбаев Куаныш Маматуллаевич, Бегман Бақытжан Түтелбайұлы, Аликулов Жаксыбек Кенесович, Алшынбаев Даняр Муталиевич, Оразова Нурсауле Кураловна

Қатыспағандар: Аликулов Жаксыбек Кенесович - себепті

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Мырзалиева Макпал Ирисбековна – әлеуметтік педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, кибербуллингтің, электронды темекі/вейп тұтынудың алдын алу шаралары» туралы .
/ДТЖЖО А. Тілен/

Тыңдалды:

Сөз алған қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Сатханбаев күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тілен А. жасөспірімдер мен кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың / төбелес, топтық төбелес, бұзақылық, қарулы қақтығыс, ұрлық, суық қару ұстау, бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, ақша талап ету т.б./ алдын алу, отпашу, пиротехникалық заттарды пайдалануға, автокөліктерді жүргізу, ұйымдасып кафе, тойханаларда, жеке үйлерде отырыстар ұйымдастыруға, кешкі, түнгі беймезгіл уақытта ойынханаларда отыруға, Заңды өкілдерінсіз, Яғни ата – анасыз көшеде жүруге қатаң тыйым салу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбие жүйесіндегі басты міндеттерді ұғыну, бала тәрбиесіне ата – аналардың жауапкершілігін арттыру, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту, бала тәрбиесіне жан – жақты ықпал жасаудың тиімділігін арттыру туралы сөз қозғады. Сонымен қатар Әкімшілік және қылмыс жасаған адам 16 жасқа толса жауаптылыққа тартылатыны, бұл Қылмыстық кодекспен реттеледі. Ал ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамның жауапкершілігі 14 жастан басталады. Мысалы, егер адам бөтеннің мүлкін жасырын ұрласа ол ұрлық болады, ал бөтеннің мүлкін ашық тартып алса бұл тонау қылмысы болады. Қылмыстардың ең ауыры жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қарсы жасалған қылмыстар. Осыларды айта келе, жасөспірімдерге қатысты жасалынып жатқан құқық бұзушылықтар, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар алаңдатады. Сонымен қатар ерте жүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың алдын алу шараларына тоқталып өтті. Қазіргі таңда отбасы қиын кезеңді басынан өткізуде. Ажырау мен толық емес отбасылар, отбасындағы кризис, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, қоғамдағы жат қылықтардың көбеюі, қазіргі кездегі отбасының жауапкершілігінің төмендеуі, заңсыз отбасын құру, некесіз баланың туылуы, тастанды

бала т.б. қалыптасуына әкеліп соқты. Қазіргі кездегі отбасындағы бала тәрбиесінде ата – ананың жауапкершілігінің төмендеуінің салдарынан балаларымыз көше кезіп, қыздарымыз кезбелікке салынып, қаңғыбас бала саны көбейе түсуде. Отбасы тәрбиесінде әсіресе жастарымыздың мейірімділіктің, имандылықтың, адамгершіліктің төмендеуі салдарынан әртүрлі жағдайлар туындауда. Баланың бойына өз елінің салт – дәстүрін, ана тілін, дінін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу қажет. Соңғы жылдары елімізде адамдардың өз – өзіне қол жұмсауы жиі орын алуда. Көпшілікті алаңдатып отырған «Суицид» деп аталатын осы дерттің мектеп оқушыларын да жағалауы дабыл қағарлық. Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады. Қазақ халқында өз-өзіне қол салу болған емес. Бұл заман өзгерісімен туындап отырған жағдай. Бүгінде қарасаңыз, толық емес, сәтсіз отбасылар көп. Осының бәрі өмірді әлі толық танып білмеген, ондағы қиындықтармен күресе алмайтын бала үшін ауыр соққы. Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады. Балаларға жай ғана киімін, тамағын тауып беру аз, олар үнемі ата-ананың жылуын сезініп, жақсы көретінін біліп өсуі тиіс. Ал әке-шеше өз дәрежесінде көңіл бөлмейтін бала ешкімге керексіздігін түсініп, психологиялық стресске тап болады. Әсіресе, 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер өте әсершіл, кез-келген нәрсені жүрегіне тез қабылдағыш келеді. Депрессиялық жағдайға түскен адам жиі агрессиялы (ұрысқа, қактығысқа бейім) болады. Сонымен бірге, оның агрессиясы бірінші кезекте өзіне, содан соң жақынына және қоршаған ортасына бағытталады. Көп жағдайда жақындары немесе қоршаған ортасы оның бойындағы өзгерістерді түсінбейді де, қабылдай да алмайды. Ал бұл оны көптеген тығырыққа тіреп, соңы суицидке әкеліп соғады. Депрессияға, стресске шалдыққан адам, өзіне көңілі ешқашан толмайды. Осыны пайдаланып, буыны бекіп, өмір туралы өзіндік дүниетанымы қалыптасып келе жатқан жастарды желкесінен алып, жолынан тайдыратын, үмітін үзетін, басқа түскен қиындықпен күресуіне жол бермейтін, өмірден түңілдіретін – осы суицид.

Мектепте ертежүктіліктің алдын алу мақсатында 7 – 11 сынып қыздарымен түрлі тақырыптарда «Қызды қырық үйден тыйым», «Қыз өссе – елдің көркі», «Қыз қылығымен», «Жасөспірімдер арасында ертежүктіліктің алдын алу» т.б. тақырыптарда дөңгелек үстелдер, дәрігер маман иелерімен кездесулер, пікірталастар т.б. ұйымдастырылып отырылады. Мектепте аутодеструктивті мінез – құлыққа бейім оқушыларды анықтау мақсатында оқушылар арасында психо диагностикалық зерттеулер, түзету – дамыту жұмыстары жүргізіліп отырылады.

Мектептегі оқушы қыздарымыздың арасында ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу тақырыптарында бірнеше іс-шаралар атқарылды. Жасөспірімдер арасындағы ертежүктіліктің алдын-алу немесе қыз бала тәрбиесіне қатысты тәрбие сағаттары өткізіліп отырылды. Оқушы қыздардың арасында «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда оқушыларға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқа да осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалды. Оқушылардың да бұндай әңгіме төңірегінде ой қозғайтыны анық, олардың тарапынан сұрақтар мен пікірлер өте көп болды. Жалпы алғанда мектепте оқушылар арасында «Қылмыссыз жарқын болашақ!», «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет», «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында онкүндіктер, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне байланысты қылмыстардың профилактикасы мен суицид пен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу шаралары, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу, ерте жүктіліктің алдын алу, аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне байланысты 7 – 11 сынып оқушылармен коучинг, тренинг сабақтары өткізіліп, сауалнама алынып отырылды, сонымен қатар

мобильдік топ мүшелерінің қатысуымен 7 – 11 сынып ұл және қыз балаларымен қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, ерте жүктіліктің алдын алу, аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне байланысты жиналыстар өткізіліп, мектептің жоғары сынып оқушыларымен «Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу», «Жасөспірімдер не үшін қылмысқа барады?», «Темекі шегі, ішімдік ішу, нашақорлық зиянды әдеттердер аулақ болайық!», «Темекі шегу – денсаулыққа зиян», «Кибербуллинг құрбандары» т.б тақырыптарда сынып, тәрбие сағаттары өткізілді, мектепте кәмелетке толмағандарға қатысты жасалып жатқан қылмыстарды, яғни жыныстық тиіспеушілік, зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында кәмелетке толмағандармен және олардың ата – аналарымен ұдайы түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылатынына, мектептің 7 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Қылмыс пен құқықбұзушылықтың, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың, тұрмыстық зорлық - зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, нашақорлықтың алдын алу мәселелері бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жұмыстар атқарылып жатқанына, мектеп оқушылары арасында теолог мамандардың қатысуымен діни экстремизм мен терроризмнің, нашақорлықтың алдын алу, есірткіні тұтыну және таралуының құқықтық аспектілері туралы дәріс өткізілгендігіне, атқарылған іс – шаралар мектептің әлеуметтік желілерінде орналастырылғанына т.б. тоқталып өз ойын сабақтады.

Сөз алған Мектеп Парламенті Президенті С.Өміртай мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында, мектептің жоғары сынып оқушыларынан мектептің ауласын көгалдандыру мен санитарлық тазалығын сақтау т.б.мақсатында «Еріктілер» тобын құрып сенбіліктер ұйымдастыру туралы өз ой – пікірімен бөлісіп, ұсынысын айтып өтті.

Жалпы қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселені жан – жақты талқылай келе атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, өз ой – пікірлерімен бөлісті.

Шешім етеді:

1. «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, кибербуллингтің, электронды темекі/вейп тұтынудың алдын алу шаралары» туралы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Мектепте «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, кибербуллингтің, электронды темекі/вейп тұтынудың алдын алу шаралары» жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Қ.Сатханбаев

хатшысы:  М.Мырзалиева

Алшынбаев Д.М.
Егізбай Г.З.
Тұрнияз Н.Ә.
Оразова Н.К.

Бегман Б.Т.
Назарова Г.А.
Садыков А.С.
Аликулов Ж.К. - секретарь

№ 117 «Алтынтобе» жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесі № 4 хаттамасы

Мерзімі: 17.05.2024ж
сағат 12.00

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.А.Қамбарова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Тілен

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Егізбай Гүлмира Заманханқызы, Назарова Гүлдария

Асильхановна, Садыков Акыл Сахыбекович, Тұрнийаз Нұрбақыт Әбдімәжитұлы, Сатханбаев

Куаныш Маматуллаевич, Бегман Бақытжан Түгелбайұлы, Алшынбаев Даняр Муталиевич, Оразова

Нурсауле Кураловна

Қатыспағандар: Аликулов Жаксыбек Кенесович - себепті

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Мырзалиева Макпал Ирисбековна – әлеуметтік педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау және білім беру ұйымының материалдық базасына қаралған қаржылары туралы есебі.
2023 – 2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар.. ҰБТ. Бітіру кештері
/Баяндамашы мектеп директоры А.Қамбарова/
2. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Сөз алған қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Сатханбаев күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова «Білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы» және білім беру ұйымының материалдық базасына қаралған қаржылары туралы есебін баяндады.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы

қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Мектеп директоры А.Қамбарова 2023- 2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. 2023 – 2024 оқу жылын 17 сынып комплектісімен 302 оқушы білім алуды бастаған. Ағымдағы оқу жылында 45 мұғалім қызмет атқарады . Білім беру ұйымының мақсаты: Мектептің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру.Оқу және тәрбие процесіндегі жұмыстарды дұрыс жолға қоя отырып проблемелық мәселелерді мезгілінде талдап,жинақтау.Міндеті:Педагогтердің жаңашыл педагогикалық технологиялық жүйесін дамыту. мұғалімдердің ғылыми-теориялық дайындығының деңгейін жоғарлату.Оқушылардың білім сапасын тиісті деңгейге көтере отырып, білім беру. Әр оқушыға ұлттық тәрбие құндылығын ,тілдік құрметін таныта отырып патриотизмге, ұлтаралық татулық пен толеранттылыққа тәрбиелеу. 2023-2024 оқу жылын жылдық жоспар бойынша қыркүйек айында эстетикалық пән бірлестіктері, ақпан айында жылдық жоспарға сәйкес Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Бастауышым-бал бұлағым» атты тақырыпта онкүндік апталығы, наурыз айында гуманитарлық бағыты бойынша пән апталықтары өз дәрежесінде өткізілді.. Пән мұғалімдері сынып жетекшілерімен бірлесе отырып оқушылар арасында ашық сабақтар мен сайыс сабақтарын, ата – аналар арасында коучинг, тренинг сабақтарын, өткізді. Сәуір айында оқушылардың оқу білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектептің кітапхана меңгерушісі Ш.Тұрлыбаева «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап-рухани байлық көзі» тақырыбында іс – шаралар өткізіп оқушыларды кітапханадағы кітаптар қорымен таныстырып кітапқа деген қызығушылықтарын арттырды. Оқу жұмысының мақсат міндеттеріне негізге ала отырып басымдылықпен жұмыстар атқарылды. Үздіксіз білім беру жүйесінде сынып оқушылар мен патриотты өзін-өздерін танытуларына,болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және шығармашылыққа жетуіне бағдар беру.Білім беру барысында оқушымен денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті,тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін ұрпақ тәрбиелеу. Мектебімізде 2024 жылдың 16 ақпан күні «Оқу үдерісіндегі сабақтың тиімділігін қамтамасыз етенін әдістер және оқыту тәсілдерін пайдалану» тақырыбында оқу мен оқытуда қолданылатын тиімді әдіс- тәсілдермен бөлісу, оқу үдерісінде инновациялық әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыру мақсатында қалалық семинар өз дәрежесінде ұйымшылдықпен атқарылды.

Оқу жылының аяқтаудың мынандай мерзімдері белгіленсін:

- 1) Оқу сабақтарының аяқталуы – 2024 жылғы 25 мамыр
- 2) 9 сынып білім алушыларының қортынды бітіру емтихандары 2024 жылдың 29 мамыр – 15 маусым аралығы, 11 сыныптың оқушыларына қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылдың 28 мамыр - 11 маусым аралығында.

Мектепте жалпы орта білім туралы аттестаттауды тапсыру ағымдағы жылдың 12 – 15 маусым аралығында мектеп қабырғасында мектептің 9,11 сынып оқушылары үшін өткізіледі.

«Мектепке жол» Республикалық акциясын іс-шара жоспары бекітілді. Күн көрісі төмен, көп балалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларды мектепке дайындауға материалдық көмек көрсету қайырымдылық қызметін жүзеге асыру әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек берілді. Мектеп ұжымының атынан қамқорлық акция кезінде оқушыға киім, аяқ киім, мектеп құралдарымен көмек көрсетілді.

Мектеп ұжымымен бірлесе отырып Абай ауданының жаңа жылдық шыршасына жартылай жетім 1 оқушы барып, концерттік бағдарламасын тамашалап, арнайы сыйлықтарын алып қайтты.

Президенттік шыршаға аз қамтылған отбасыдан шыққан 1 оқушы 100000 теңге ақшалай ата-анасының есеп шотына аударылды.

«Міндетті білім қорынан» бөлінген қаржы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары қала сыртындағы лагерьлерге тегін 3 жолдама берілді.

Оқушыларды рухани адамгершілік және азаматтық патриоттыққа тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында мектепте «Адал ұрпақ» еріктілер клубы, әкелер, аналар мектебі бүгінгі таңда жоспарға сәйкес жұмыстарын жүргізуде. Балалардың оқуға деген қызығушылығы, қоршаған ортаны, кітап арқылы тануы, мектеп қабырғасының қалыптасатыны белгілі, ал кітапхана оқушының сол ынтасын оятып, оны қызықты кітап әлем жетелеуі қажет деп еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаев айтқандай мектепте оқуға құштар мектеп бұрышы ұйымдастырылып жоспарға сай жұмыстар жандануда. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында бүгінгі таңда мектепте бокс, волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі спорттық секциялары, сонымен қатар «Шұғыла» би, «Нұрлы» домбырашылар, «Қыл қалам шебері», «Туристік – өлкетанулық», «Ағылшын тілі», «Жас өнерпаздар», «Жас эколог» т.б. үйірмелері жұмысын жалғастыруда.

Мектепте ата-аналардың, педагогтардың, мектеп ұжымының жеке бастың туындаған өтінішін қанағаттандыру мақсатында бірінші қабатта 5/5 OPEN SPACE азаматтарды қабылдау бөлмесі жұмысын жүргізуде. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау және парасаттылық идеологиясын қалыптастыру мақсатында арнайы әзірленген бейнероликтер мен аудиороликтер, мектептің бірінші қабатында орналасқан фойедегі теледидар арқылы мектеп ұжымы, оқушылар арасында жарияланып отырылады. Сонымен қатар ватсап әлеуметтік желілері арқылы 1-11 сынып оқушыларының ата-аналар чаттарына жолданып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылды. Ата-аналардың оқытуда туындаған түрлі мәселері бойынша ұсыныстар мен жеке өтініштерін қанағаттандыру мақсатында Call центр байланысу қызметін іске қосып жұмыс атқарылуда.

Сөз алған қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Сатханбаев «Білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау және білім беру ұйымының материалдық базасына қаралған қаржылары туралы есебін қанағаттанарлық деп тану туралы өз ой – пікірін білдірді.

Жарыссөзге 3 адам шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірлерін ортаға салып, мекеме басшысының қорытынды есебін қанағаттанарлық деп табу туралы ойларын айтып өтті.

Жалпы қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселені жан – жақты талқылай келе

Шешім етеді:

1. Мектеп басшысының «Білім беру ұйымының қызметі оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы және білім беру ұйымының материалдық базасына қаралған қаржылары туралы есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. 2023 – 2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Қ.Сатханбаев
М.Мырзалиева

Алшынбаев Д.М.
Егізбай Г.З.
Тұрғияз Н.Ә.
Оразова Н.К.

Бегман Б.Т.
Назарова Г.А.
Садыков А.С.
Аликулов Ж.К. - секретарь